

# Жас жазушы оқырмандармен жүздессті

Тәуелсіз елімізде талантты жастардың қатары көбейіп келеді. Жаңа Қазақстанның жастары өнерімен өзгені мойындастып, таланттымен топ жарап жүр. Облысымыздың мақтандышина айналған осындай таланттардың бірі – жас жазушы Әділ Әуезхан жуықта бәйгелі болып қайтқан болатын.



Алтайдың атырабы – сөздің киесің қонған қасиетті өлкө. Қара сөздің қас шеберлері Қалихан Ысқақ, Оралхан Бекей, Әлібек Асқаров бастаған проза көшінен дара із қалған мемекен. Осы қатардағы туған топырақ, өскен өнірдің өрнегін өз мәнерінде қаламға арқау етіп, өлкө әдебиетіне өзінің ізін қалдырыған жазушы Мұсілім Құмарбектің жолы да, жөні де басқа. Біз тілге тиек етіп отырған жас жазушы Әділ Әуезхан – сол қарымды қаламгер Мұсілім Құмарбектің ізбасары. Болар үлға батасын беріп, бағыт сыйлап кеткеніне жүртенді күә болуда. Жас жазушы қаламұшындағы үмітті жалғап, үлкен белеске бет бүрді. Жуықта Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына

орай үйімдастырылған «Ұлы дала» республикалық шығармашылық байқауының «проза» номинациясы бойынша жүлделі II орынды жеңіп қайтты. Алғаш рет бәйгеде асығы алшысынан түсken жас қаламгермен оқырман қауым жүздесу жасап, шығармашылық беталысымен танысып қайтты. Облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасында әткен «Жастықтың шүғыласы» атты кездесуге келген оқырман қауым жас жазушыны сұрақтың астына алып, қаламгердің қымсына берген жауаптарына қызыға құлақ түрді.

– Мен – шығармашылықта мақсатты түрде келген адаммын. Өзім жоспарлағандай, 25 жасымдағанға қолыма қалам алдым. Алоғандейін тек

қана кітап оқумен айналыстым. Енді, міне, жоспарда бар шығармаларды біртіндеп жаза бастадым. Бұл жолғы бәйгеде бағыт жанған шығармамды Оралхан Бекей атында әткен прозалық байқауға арнап жазған едім. Алайда белгілі себептермен ол байқауға қатыса алмай қалдым. Содан шығарманды бағын сынап көрмек ниетпен Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай үйімдастырылған «Ұлы дала» республикалық шығармашылық байқауына жіберген едім. Осылайша, бұл шығарма менің әдебиет әлеміндегі жолымды ашып бергендей болды, – деді кездесу барысында жас жазушы Әділ Әуезхан.

Қаламгермен жүздесуді үйімдастырушылар креативті түрде әткізді. Ұқыпты қаламгердің уақытын үтімді пайдалана білді. Оқырман сұрақтарына қысқа да нұсқа жауап бергенмен, жас қаламгер «жазу азабы» туралы көңірек толғанды. Қаламгер проза еркелік пен албырттықта бағынбайтын жанр екенін, еңбектенбей еш нәтиже шықпайтынын о баста түсінгенін тілге тиек етті. Жазушы болуына қаламгер атасы Мұсілім Құмарбектің шығармашылық ғұмырнамасының, тұлғасының тікелей әсер әткенін оқырман сұрауы бойынша айтып берді. Кездесуге келген жүрт экраннан кеш авторының шығармалары бойынша салынған иллюстрацияға қарап, қаламгер әңгімелерінің тақырыптарын тауып, жазушымен бірге талқылады. Осылайша, жас жазушы Әділ Әуезханмен болған жүздесу ән-күйсіз-әк әуезді нотада, көтеріңкі көңіл-күйде әтті.

**Алтай Фали-Асқар**